**Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 және "Бюджет түсімдерін бюджеттердің деңгейлері, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шоты, Жәбірленушілерге өтемақы қоры, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қоры, Арнаулы мемлекеттік қор және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің бюджеттері арасында бөлу кестесі" 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 404 бұйрықтарына өзгеріс және толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2023 жылғы 19 қазандағы № 1108 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 4 сәуірдегі № 149 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 04.04.2025 № 149 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) бұйрығына мынадай өзгеріс және толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджет түсімдерінің сыныптамасында:

2 "Салықтық емес түсімдер" санатында:

04 "Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" сыныбында:

1 "Мұнай секторы ұйымдарынан, Жәбірленушілерге өтемақы қорына, Білім беру инфрақұрылымын қолдау қорына және Арнаулы мемлекеттік қорға түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар" кіші сыныбында:

мынадай мазмұндағы 79, 80, 81, 82 және 83 ерекшеліктерімен толықтырылсын:

"79 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар

80 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар

81 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар

82 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар

83 Мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын оның аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар";

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасында:

01 "Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" функционалдық тобында:

1 "Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар" функционалдық кіші тобында:

694 "Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

мынадай мазмұндағы 100 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 009 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"009 Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі көрсетілетін қызметтер

100 Қазақстан Республикасы Президенттік орталығының қызметін қамтамасыз ету";

2 "Қаржылық қызмет" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 222 бюджеттік бағдарламасы және 030 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

222 Тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары бойынша сыйлықақылар төлеу

030 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен";

3 "Сыртқы саяси қызмет" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 159 және 164 бюджеттік бағдарламалары бар 228 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"228 Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

159 Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету

164 Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 159 және 164 бюджеттік бағдарламалары бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

159 Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету

164 Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 159 және 164 бюджеттік бағдарламалары бар 652 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"652 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

159 Қазақстан Республикасы мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының арасындағы ынтымақтастық шеңберінде Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына зерттеулер жүргізуді қамтамасыз ету

164 Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымымен ынтымақтастығы шеңберінде Қазақстанның Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының бастамалары мен құралдарына қатысуын қамтамасыз ету";

4 "Іргелі ғылыми зерттеулер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламасы бар 228 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"228 Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламасы бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламасы бар 650 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"650 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламасы бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 131 бюджеттік бағдарламасы бар 652 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"652 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

131 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет субъектілерін базалық қаржыландыруды қамтамасыз ету";

9 "Жалпы сипаттағы өзге де мемлекеттік қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 001 бюджеттік бағдарламасы және 100, 104, 105, 111 және 123 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 228 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"228 Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

001 Көлік және коммуникация саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

100 Көлік және коммуникация саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

105 "Transport tower" әкімшілік-технологиялық кешені ғимаратын күтіп-ұстау

111 Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің күрделі шығыстары

123 Ағымдағы әкімшілік шығыстар";

мынадай мазмұндағы 100, 101, 102, 105, 109, 114, 116, 130, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

130 Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

мынадай мазмұндағы 001 бюджеттік бағдарламасы және 100, 101, 104, 111 және 123 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

001 Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, геология, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру

100 Өнеркәсіп, қорғаныс өнеркәсібі, геология, бірыңғай әскери-техникалық саясатты және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүргізуге қатысу, қорғаныстық тапсырысты қалыптастыру, орналастыру және орындау саласындағы басшылық, индустриялық саясатты қалыптастыру, инфрақұрылымды және бәсекелестік нарықты, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын дамыту саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

101 Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

111 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің күрделі шығыстары

123 Ағымдағы әкімшілік шығыстар";

мынадай мазмұндағы 100, 101, 102, 105, 109, 114, 116, 130, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету,

сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

130 Шетелде Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау жөніндегі іс-шараларды өткізу

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

мынадай мазмұндағы 002 бюджеттік бағдарламасы және 100 және 102 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

002 Қоғамдық келісім саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

100 Этносаралық келісімді нығайту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру

102 Конфессияаралық келісімді нығайту бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру";

мынадай мазмұндағы 001 бюджеттік бағдарламасы және 100, 104, 106, 111 және 123 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 652 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"652 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

001 Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы қызметті үйлестіру жөніндегі көрсетілетін қызметтер

100 Су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету

104 Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін және мемлекеттік органды ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету

106 Республикалық бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдардың күрделі шығыстары

111 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің күрделі шығыстары

123 Ағымдағы әкімшілік шығыстар";

мынадай мазмұндағы 100, 101, 102, 105, 109, 114, 116, 133, 139, 148, 149, 165, 166, 167, 168 және 169 бюджеттік бағдарламалармен толықтырылсын:

"100 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

101 Өкілдік шығындарға арналған қаражат есебінен іс-шаралар өткізу

102 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

105 Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу

109 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

114 Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша орталық мемлекеттік органдардың міндеттемелерін орындау

116 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

133 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

139 Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

148 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен дамуға бағытталған іс-шаралар өткізу

149 Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттер

165 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу

166 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту

167 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру

168 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер

169 Қазақстан Республикасы Президентінің бастамаларына арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін нысаналы даму трансферттері";

02 "Қорғаныс" функционалдық тобында:

1 "Әскери мұқтаждар" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 004 бюджеттік бағдарламасы және 030 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

004 Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындауды қамтамасыз ету

030 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен";

04 "Білім беру" функционалдық тобында:

2 "Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 038 бюджеттік бағдарламасы және 100 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 650 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"650 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

038 Спорт саласында дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу

100 Спорттағы дарынды балаларды оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 005 бюджеттік бағдарламасы және 101 және 111 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

005 Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу

101 Мәдениеттегі және өнердегі дарынды балаларды оқытуды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету

111 Мәдениет және өнер саласында қызметін жүзеге асыратын орта білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары";

4 "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 006 бюджеттік бағдарламасы және 101 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

006 Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету

101 Мәдениет пен өнер саласындағы техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлауды және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету";

5 "Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 138 бюджеттік бағдарламасы бар 228 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"228 Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі

138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 138 бюджеттік бағдарламасы бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 138 бюджеттік бағдарламасы бар 650 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"650 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 007 және 138 бюджеттік бағдарламалары бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

007 Мәдениет пен өнер саласында кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау

138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету";

мынадай мазмұндағы 138 бюджеттік бағдарламасы бар 652 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"652 Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі

138 Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруын қамтамасыз ету";

9 "Білім беру саласындағы өзге де қызметтер" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 045 бюджеттік бағдарламасы бар 650 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"650 Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі

045 Туризм саласында кадрлар даярлау үшін білім беру қызметін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер";

мынадай мазмұндағы 041 бюджеттік бағдарламасы және 100, 103 және 104 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

041 Мәдениет пен өнер саласында кадрлар даярлау

100 Өнер және мәдениет саласындағы білім ұйымдарының қалыптасуын қамтамасыз ету

103 Хореография саласындағы білім беру үрдісін қамтамасыз ету

104 Мәдениет және өнер саласында қызметін іске асыратын білім беру ұйымдарының күрделі шығыстары";

05 "Денсаулық сақтау" функционалдық тобында:

2 "Халықтың денсаулығын қорғау" функционалдық кіші тобында:

226 "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі" бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша:

053 "Арнайы медициналық резервті сақтауды қамтамасыз ету және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту" бюджеттік бағдарламасы бойынша:

113 "Республикалық бюджет қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының облыстық бюджетіне, Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейтуге, сондай-ақ инфекциялық ауруханаларды орналастыру үшін тез салынатын кешендер құруға берілетін нысаналы даму трансферттері" бюджеттік кіші бағдарламасының атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"113 Республикалық бюджет қаражаты есебінен облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға және Алматы облысының және Жетісу облысының облыстық бюджеттеріне, Алматы қаласының бюджетіне денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейтуге, сондай-ақ инфекциялық ауруханаларды орналастыру үшін тез салынатын кешендер құруға берілетін нысаналы даму трансферттері";

07 "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық" функционалдық тобында:

1 "Тұрғын үй шаруашылығы" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 008, 030 және 031 бюджеттік бағдарламалары бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

008 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге кредит беру

030 Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне тұрғын үйді жобалауға, салуға және (немесе) сатып алуға кредит беру

031 Бәйтерек "Ұлттық басқарушы холдингі" АҚ-на кейіннен "Қазақстандық Ипотекалық Компания "Ипотекалық ұйымы" АҚ-на жалға берілетін тұрғын үй құрылысына кредит беру";

мынадай мазмұндағы 030 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 224 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"224 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жылумен, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін реконструкциялау және салу үшін кредит беру

030 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 101, 105, 108, 109, 118, 120, 121, 122, 123, 124 және 125 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 228 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"228 "Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде тұрғын үй салу саласындағы іс-шараларды іске асыру

101 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері

105 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды

дамытуға және (немесе) жайластыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

108 Құрылыс салушылардың кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау

109 Халыққа берген ипотекалық тұрғын үй қарыздары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау

118 Жаңа схема бойынша пилоттық жобалар шеңберінде Астана қаласы, Жамбыл және Солтүстік Қазақстан облыстарының бюджеттеріне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға берілетін нысаналы даму трансферттер

120 Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдер

121 Жеке тұрғын үй қорынан жалға алынған тұрғынжай үшін азаматтардың жекелеген санаттарына төлемдерді жүзеге асыру жөніндегі оператордың қызметтеріне ақы төлеу

122 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері

123 Жаңа схема бойынша пилоттық жобалар шеңберінде Астана қаласының бюджетіне коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

124 Астана қаласының бюджетіне тұрғын үй құрылысының проблемалық объектілерін аяқтау үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын толықтыруға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

125 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үй сатып алуға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттері";

2 "Коммуналдық шаруашылық" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 007 бюджеттік бағдарламасы және 030 бюджеттік кіші бағдарламасы бар 229 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"229 Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі

007 Қарағанды облысының бюджетіне жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

030 Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен";

мынадай мазмұндағы 100, 101, 104, 107, 110, 117, 119, 120, 121 және 122 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 229 бюджеттік бағдарламасымен толықтырылсын:

"229 Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру

100 "Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

101 "Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде облыстық бюджеттерге ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері

104 Жылумен, сумен қамтамасыз ету және су бұру жүйелерінің құрылысын жаңғырту шеңберінде берілген тапсырмаларды орындау бойынша сенім білдірілген агент қызметтеріне ақы төлеу

107 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қалалар мен елді мекендерді абаттандыруға берілетін нысаналы даму трансферттері

110 "Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде облыстық бюджеттерге ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

117 "Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне нөсерлік кәріз жүйесін дамытуға республикалық бюджет қаражаты есебінен берілетін нысаналы даму трансферттер

119 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

120 Жылумен, -сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салуды, реконструкциялауды және жаңғыртуды субсидиялау

121 "Қуатты өңірлер-ел дамуының драйвері" ұлттық жобасы шеңберінде облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне қалаларда сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен берілетін нысаналы даму трансферттері

122 Облыстық бюджеттерге, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың бюджеттеріне жылумен жабдықтау жүйелерін дамытуға берілетін нысаналы даму трансферттері";

08 "Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік" функционалдық тобында:

1 "Деятельность в области культуры" функционалдық кіші тобында:

мынадай мазмұндағы 033 бюджеттік бағдарламасы және 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 118, 119, 121, 124, 132 және 136 бюджеттік кіші бағдарламалары бар 651 бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен толықтырылсын:

"651 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі

033 Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және архив ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру

100 Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қалпына келтіру, салу

101 Қазақ халқының мәдени мұрасын зерделеуді жинақтау және жүйелеу

102 Республикалық бюджет қаражаты есебінен мәдениет объектілерін салу, реконструкциялау

103 Республикалық маңызы бар көпшілік кітапханаларда ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету

104 Ұлттық фильмдер шығару және фильмдерді қазақ тіліне дубляж жасауды қамтамасыз ету

105 Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу

106 Театр-концерт ұйымдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету

107 Тарихи-мәдени мұраларды сақтауды қамтамасыз ету

